# Сыр бойы

№151 (20425)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6 қазан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz



2 Жол жауапсыздық пен жүгенсіздікті көтермейді

4 Сыр бойындағы ахундар мұрасы

5 Туған жердегі кездесулер

6 Жарқ еткен ғұмыр

ПРЕЗИДЕНТ

## «ӨЗАРА ҚҰРМЕТ ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды жұртшылығымен кездесуінде облыстың тыныс-тіршілігімен танысып, нақты мәселелерді талқылау үшін арнайы келгенін атап өтті. Сондай-ақ өңірдің тарихы мен ел руханиятында алатын орны туралы айтты.**

Қарағанды облысындағы тау-кен және металлургия өнеркәсібі еліміздің экономикалық әлеуетін дамытуда айрықша орын алатынына, мұнда республикадағы мыстың тең жартысы, көмірдің үштен бірі, болаттың 85 пайыздан астамы өндірілетініне тоқталды.

Президент Қарағанды облысының даму барысын ұдайы назарда ұстайтынын айтып, өлкенің өркендеуіне серпін беретін бірқатар басым бағытты атады.

– Бірінші, өңдеу өнеркәсібін қолдау. Облыстың өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі өңдеуші сектордың үлесі 80 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша аймақ көш бастап тұр. Әйтсе де облыстың осы бағытын одан әрі дамыту үшін мүмкіндік мол, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазіргі геосаяси ахуалға және әлемдегі экономикалық жағдайға байланысты отандық экономиканы әртараптандырудың маңызы одан сайын арта түсті. Осы ретте мемлекеттің міндеті – орта және жоғары деңгейдегі тауар өндірісін ұлғайтуға қолайлы жағдай жасау.

Президент облыстың транзиттік-тасымал әлеуеті мен жол инфрақұрылымын, моноқалаларды дамыту мәселесіне тоқталды. Ірі өнеркәсіп кәсіпорындары орналасқан облыс тұрғындары экология мәселесін жиі көтеретінін айтты. Осы ретте Президент ірі кәсіпорындарға қоршаған ортаның тазалығын сақтау жөнінде қабылданған міндеттемелерді, стандарттар мен нормаларды қатаң сақтау керек екенін еске салды.

Мемлекет басшысының айтуынша, облыстың өндірістік кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі сын көтермейді.

– Қарағанды сияқты индустриясы дамыған облыс үшін бұл – маңызды мәселе. Мысалы, тек 2022 жылы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ объектілерінде жұмысшылар қаза тапқан бірнеше оқиға тіркелді. Ірі компаниялар өндірісті жаңғыртуға әрдайым инвестиция құюы керек. Уәкілетті органдар өндірістік апаттардың көбейгені үшін кәсіпорындардың жауапкершілігін күшейтетін жүйелі шаралар қабылдауы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің индустриялық қуатын арттыруға адал еңбегімен, маңдай терімен үлес қосып жатқан шахтерлер мен металлургтерге ризашылығын білдіріп, олардың еселі еңбегі ерекше құрметке лайық екенін айтты. Сондай-ақ өнеркәсіп иелері шикізат бағасының оңтайлы сәтін ескере отырып, қарапайым жұмысшылардың еңбекақысын көтеруге мүмкіндік таба алатынына сенім білдірді.

Сонымен қатар жұртшылықпен кездесуде білім беру, денсаулық, спорт және мәдениетті дамыту, жайылым жайы сөз болды.

Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында автобус және коммерциялық техника өндіретін QazTehna зауытының және тұрмыстық техника шығаратын «Silk Road Electronics», көлік дөңгелегін шығаратын «KamaTyresKZ» зауыттарының жұмысымен және өнім түрлерімен танысты.

***

**Кеше сондай-ақ Президенттің Павлодар облысына жұмыс сапары өңір жұртшылығымен кездесуден басталды. Мемлекет басшысы өз сөзінде Павлодар облысы Қазақстанның дамуында маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Сондай-ақ еліміздің ең көрікті мекендерінің бірі Ертіс бойына өзінің ықыласы ерекше екенін айтты. Өңірдің басты басымдықтарына назар аударды.**

Президент облыстың өнеркәсіптік әлеуетін нығайтумен қатар шағын және орта бизнеске кешенді қолдау көрсету қажет деп санайды. Оның пікірінше, өңір кәсіпкерлері республикалық және тіпті әлемдік деңгейде сұранысқа ие жобаларды жүзеге асыра алады.

Мемлекет басшысы экология мәселелерін шешуді Павлодар облысындағы екінші басым міндет ретінде атады. Сондай-ақ өнеркәсіптің дамуы экологияға үлкен салмақ түсіретінін айтты. Бүгінде елде шығарылатын қалдықтардың үштен бірі осы облысқа тиесілі. Бұл жыл сайын шамамен 700 мың тоннаны құрайды.

Мемлекет басшысы Павлодардағы экологиялық қозғалыс мүшелерінің жағдайға немқұрайлы қарамайтынын және ерекше белсенді екенін атап өтті. Президент облыстағы суармалы жердің көлемін екі есе ұлғайтып, 300 мың гектарға дейін жеткізу керек деп санайды. Сондай-ақ Ертістің суын тиімді, үнемді пайдаланған жөн екенін жеткізді.

2-бет

КӘСІП пен НӘСІП

## ТЕҢІЗ ТІРШІЛІГІ немесе балыққа да бап керек

**Алдымен аз-кем тарихтан дерек айтамыз. Бір кездері көлемі жағынан төртінші орын алған Арал теңізінің бүгінгі жағдайы айтпаса да түсінікті. Су тапшылығынан жағалаудан толқын қашқалы біраз жыл өтті. «Бар несібем – адамзатқа» деген Аралдың әлі де берері жоқ емес. Тек соны бағалай білсек етті!**

**Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»**

50-60 жыл бұрын Арал жағасында балық аулау кәсібіне байланысты 2 комбинат, 10 зауыт, 70-ке жуық балық қабылдау бекеті болғанын кейінгілер білмеуі мүмкін. Қолда бар мәліметке сүйенсек, теңізден 30-дан аса балық түрі ауланыпты. Бүгінде қарасы көрінбейтін бекіре де осы теңізде ойнақ салды. «Қызыл кітапқа» енген қаяз, салмағы кішігірім тайыншадай ірі жайын да осында жүзді. Ақбалық, сазан, мөңке, шабақ, дөңмаңдай, шортан, торта мен тыран, алабұға сияқты түрлері тіпті мол болыпты. Бүгінде теңіз жағалай отырған көп ауылдың тілімен айтсақ, «алтын балық» саналатын, бағасы да құнды, Еуропаға бірден-бір экспортталып отырған тісті де – Аралдың бір байлығы.

Аштыққа ұшыраған Еділ бойы тұрғындарына Лениннің хатына орай көмекке ұмтылған балықшы бабалардың ерлігі жиі айтылып жүр. Былтыр ғана 100 жыл толған осы бір айтулы күн де Арал балықшыларына тиесілі. Бір тәулікте олар 14 вагон балық жөнелтті.

Қош, ғалымдар дерегінше, Аралдың бір заманда мұхитпен шектескенін, оған дәлел ретінде құрғаған теңіз табанынан табылған кит пен акула сүйектерін айғақ еткені белгілі. Арнасынан асып, ең терең жері 68 метр, ұзындығы 426, ені 284 шақырым болған бұрынғы теңіздің бүгінгі тіршілігін баяндап көрмекпіз.

3-бет

## НЫСАНДАРДАҒЫ ЖҰМЫС НАЗАРДА БОЛАДЫ

**Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар әлеуметтік және өндірістік нысанды аралады.**

**Алдымен аймақ басшысы «Қорқыт ата» әуежайының инфрақұрылым мәселелері мен жаңадан салынатын терминалдың жобасы бойынша сала мамандарымен пікірлесті.**

Бұған дейін облыс әкімі демеушілерді тарта отырып, 70 млн теңге қаражатқа әуежайдың ескі терминалын ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстарын жүргізді, нәтижесінде әуежай алаңы жаңарып, ауласы тазаланып, қалыпқа келді.

2-бет

МӘСЕЛЕ

## БАСПАНА ҮШІН АЖЫРАСУ БЕЛЕҢ АЛДЫ

**Елімізде тұрғындарды баспанамен қамту үшін түрлі бағдарлама қабылданып, іске қосылды. Шартында толық емес отбасыға да жеңілдік қарастырылған. Содан болса керек, кейбір ерлі-зайыптылар пәтер алу үшін қағаз жүзінде ажырасуға дейін барған. Әу баста мұны құзырлы мекемелер де байқамаған тәрізді. Уақыт өте келе, статистикалық деректе ажырасушылардың саны артқан соң арнайы зерттеу жүргізсе керек.**

**Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»**

2-бет

ЕГІН – 2022

## НАУҚАН МӘРЕГЕ ТАЯДЫ

**Күзгі жиын-терім науқаны да мәреге таяды. Қазірге дейін өңірдің егін даласында 72 мың гектардан астам күрішке орақ салынды. Бұл – шамамен 91,6 пайыз. Егін жинау жұмыстарын 10 қазанға дейін аяқтау межеленген. Биыл облыста барлығы 188,5 мың гектар жерге ауылшаруашылық дақылдар егілді.**

**Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»**

Жергілікті диқандар осы жолы да су тапшылығы мәселесімен бетпе-бет келді. Әйтсе де оны шешуде облыс басшылығы аянып қалған жоқ. Алдымен суды аз қажет ететін дақылдар көлемі артты. Оған қоса күріштің вегетациялық мерзімі қысқа сорттарын егуге мән берілді. Осылайша 78 мың гектардан астам күріш егуге мүмкіндік туды. Егін судан тарыққан жоқ. Жауапты сала мамандары тиянақты тірлік атқара білді.

Десе де елдің көңілінде өнім деңгейі қалай болады деген сауал бар. Бүгінде облыс бойынша әр гектардан 53,5 центнерден айналып отыр. Бұл – былтырғыдан біршама төмен. Оның негізгі себептері – былтырғыдан егін көлемінің азаюы, минералдық тыңайтқыш бағасының қымбаттауы. Вегетациялық кезеңде минералдық тыңайтқыш 2-2,5 есеге дейін қымбаттап кеткен. Осының салдарынан кейбір диқандар егіске оны өз деңгейінде бере алмаған жағдай кездесті.

– Әрине, бар шаруашылықтың жағдайы бірдей емес. Кейбірі аталған қажеттілікке ертерек тапсырыс беріп, арзан бағада алуға қол жеткізді. Ендігісі қаржы мәселесіне байланысты оны қымбатқа алуға мәжбүр болды. Сондай-ақ, қолдың қысқалығынан кейбір ұсақ шаруашылықтар агротехникалық талаптарды сақтай алған жоқ. Айта кетерлігі, алдағы уақытта күріш көлемін қысқарту жоспарланып отырған жоқ. Қазір ғарыштық бақылау арқылы артық күріш егуге тоқтау жасалды, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қайратбек Сәрсенбаев.

Бүгінде өңірде суды үнемдеу технологиясына ерекше мән беріліп отыр. Оған қоса малазықтық дақылдар көлемі артты. Солардың бірі – Жалағаш ауданында «Ер-Әлі» шаруа қожалығы тамшылатып суару әдісімен картоп, сәбіз, қызылша дақылдарын екті. Облыстың оңтүстігіндегі Жаңақорған, Шиелі аудандарында аталған әдіс бірнеше жылдан бері кеңінен қолданылуда. Ал жоңышқа дақылына жаңбырлатып суару әдісі пайдаланылуда. Бұл оң нәтижесін берген жағдайда келешекте кең ауқымда өндіріске енгізілмек.

3-бет

# «ӨЗАРА ҚҰРМЕТ ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»

Тағы бір маңызды мәселе – өңірдің инфрақұрылымын дамыту. Президент Үкіметке облыс орталығын айналып өтуге жол ашатын жаңа көпір салуды тапсырды. Келесі бір басымдық – креативті индустрия мен туризмді дамыту. Мемлекет басшысының пікірінше, еліміздің қуаты адамдардың қайратына, біліміне және патриоттығына байланысты. Сондықтан адамға бағдарланған қызмет мемлекеттік саясатымыздың негізгі өлшеміне айналды.

Қасым-Жомарт Тоқаев түрлі мамандықты меңгеріп, уақыт талабына бейімделудің айрықша маңызды екенін атап өтті. Бұл елдің бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар жастардың үнемі білімін жетілдіріп, өз елінде ғана емес, әлемнің әр бұрышында сұранысқа ие болуға ұмтылуы қажет екенін айтты.

Бұдан кейін Президент еліміздегі сайлауалды науқанға тоқталды.

– Өздеріңізге мәлім, мен еліміздегі ең ірі AMANAT партиясының Төрағасы қызметінен бас тарттым. Конституциялық реформа нәтижесінде Президентке өзінің өкілеттігін атқару кезінде партия қатарында болуға тыйым салынды. Алдағы сайлауға қандай ұйымның атынан қатысатыныма қоғам қызығушылық білдіріп отырғанын білемін. Ашығын айтайын, маған әртүрлі республикалық бірлестіктер мен партиялардан өздерінің атынан үміткер болу туралы ұсыныстар түсіп жатыр. Әсіресе, жастар және басқа да қоғамдық ұйымдардың бастама көтеріп жатқанына қуандым. Осының барлығы азаматтардың кейінгі үш жарым жылда жүзеге асырылып келген реформалар мен өзгерістерге қолдаудың айтарлықтай артқанын көрсетеді. Бірақ жасаған ұсынысы мен сенімі үшін, стратегиялық бағытыма белсенді қолдау көрсеткені үшін барлығына алғыс айтамын. Мен белгілі бір ұйымнан емес, елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың әлеуметтік негізін қалыптастыратын қоғамдық-саяси күштердің ірі коалициясының атынан сайлауға қатысқаным дұрыс болады деп ойлаймын. Сондай-ақ бұл Мемлекет басшысының түрлі партиялармен, бірлестіктермен тең арақашықтық сақтау қағидатын нығайтуға мүмкіндік береді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, сайлау науқанын заңнамаларды қатаң сақтай отырып жүргізуді қамтамасыз ету маңызды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы ретінде президент сайлауының әділ әрі ашық өтетініне кепілдік берді.

***

**Президент Павлодар облысына жұмыс сапары аясында 85 жыл бұрын іргесі қаланған Абай атындағы дарынды балаларға арналған гимназияға барды.**

Мектеп директоры Салтанат Шабажанова Қасым-Жомарт Тоқаевқа оқу орнының терең тарихы туралы ақпарат беріп, гимназияның жаңартылған кабинеттерін көрсетті.

Содан кейін Президент республикалық және халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған Павлодар облысының педагогтарымен әңгімелесті. Оларды Дүниежүзілік Ұстаз күнімен және қазақстандық педагогтардың өткен кәсіби мерекесімен, ал гимназия ұжымын мерейтойымен құттықтады.

1-бет

# НЫСАНДАРДАҒЫ ЖҰМЫС НАЗАРДА БОЛАДЫ

Жерлесіміз, меценат Болат Өтемұратовтың қоры өңірде халықаралық стандарттарға сай заманауи терминал салуға ниет білдірді. Бұған дейін де облыс әкімі Сыр еліне келген қор өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізіп, ортақ жобаны пысықтап, талқылады.

Қазіргі күні әуежай жылына 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал қосылғаннан кейін шамамен 220 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал, жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаяды.

Құны 12 млрд теңгені, алаңы 7500 шаршы метрді құрайтын әуежайда телескопиялық трап екі қабатты болады, ал жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифттер қарастырылмақ. Жылдам әрі жайлы қызмет көрсету өзін-өзі тіркеу бағандары мен жүктерді беру және өңдейтін автоматтандырылған жүйемен жабдықталады. Терминал 2024 жылы аяқталмақ.

Облыс әкімі әуежай өңірдің негізгі қақпасы және оның заманауи сипатқа ие болуы тиіс әрі халыққа қолайлы қызмет етуі қажет деді. Бұл ретте орынбасары М.Жайымбетовке, қала әкімі А.Шәменовке, жауапты басқарма және әуежай басшысына әуежайды күтіп ұстау, тазалығына ұдайы мән беруді жүктеді. Сондай-ақ, қор өкілдерімен бірге терминал құрылысына қажетті жұмысты үйлестіріп, уақытылы аяқтауды тапсырды. Мұнан бөлек, қаладағы кәсіпкерлік және әлеуметтік нысандардың қасбеттерін әрлеп, аумағын тазалау жұмыстарын міндеттеді.

Нұрлыбек Нәлібаев Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық музыкалық драма театрының жөндеу жұмыстарын көрді. Өнер ордасы Сыр өңірінде 1960 жылдан бері жұмыс жасауда. Дегенмен, театр ғимараты ескіргендіктен, жөндеуді қажет етті. Аймақ басшысының тікелей қолдауымен театрдың қасбетіне жөндеу жұмыстарын жүргізу басталды. Демеушілер есебінен ғимараттың ішкі жұмыстары да заманауи талапқа сай қайта жаңарады.

Облыс әкімі киелі өнер шаңырағы қаланың басты мәдени нысаны болғандықтан, орынбасары Н.Сақтағановқа, жауапты басқарма басшысы мен мердігер компания өкіліне қысқа уақыт ішінде жөндеу жұмыстарын уақытылы әрі сапалы орындау қажет екенін еске салды. Сондай-ақ, театр аумағын таза әрі жинақы ұстауды тапсырды.

Айта кетейік, облыс орталығында 1000 орынға арналған көпфункционалды Өнер орталығы салынуда. Құны 3,7 млрд теңге екі қабатты өнер орталығының құрылысы шамамен келер жылдың соңында ел игілігіне берілмек.

Әрі қарай облыс әкімі шыны зауытындағы өндірісті іске қосуға дайындық барысын саралады. Аймақта өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында құрылысы басталған зауыт қазан айының ішінде алғашқы өнімін шығарады деп жоспарлануда. Бұл ретте облыс әкімінің тапсырмасы негізінде осыған дейін арнайы штаб құрылды. Туындаған мәселелер шұғыл шешіліп, инвесторларға көмек көрсетілді. Нәтижесінде өндіріске қажетті газ, су, электр желілері тартылып, теміржол тұйығын жеткізу құжаттары әзірленуде. Балқыту пеші қосылып, қазірдің өзінде 1450 градус температураға жетті.

Алдағы уақытта шыны зауытының айналасында жаңа өнім түрлерін шығаратын 8 ілеспе кәсіпорын ашу көзделді. Мұнда шыны-талшықты, композиттік материалдар, айна, смартфондар мен планшеттерге арналған ультражұқа шыны жобалары да шығарыла бастайды.

Өндірісте жергілікті шикізат – Аралдың кварц құмы қолданылады.

Облыс әкімі жұмыс процесін бақылап, бірінші орынбасары Серік Қожаниязовқа және шетелдік компания өкілдеріне өндіріс орнының алғашқы өнімін шығару жұмыстары іркіліссіз және уақытылы басталуы қажет екенін тапсырды.

1-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

# ЖОЛ ЖАУАПСЫЗДЫҚ пен ЖҮГЕНСІЗДІКТІ КӨТЕРМЕЙДІ

**ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қала құрылысы кадастры жүйесін құру және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Жиынға салалық министрлер мен онлайн режимде өңір әкімдері қатысты.**

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов жыл басынан бері жол-көлік оқиғалары өскенін жасырмады. Әсіресе, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында көрсеткіш жоғары. Аталған өңірлерге Қазақстан бойынша барлық жол-көлік оқиғаларының 56%-ы, жарақат алғандардың 55%-ы және қаза тапқандардың 41%-ы тиесілі. Сондай-ақ, масаң күйде көлік жүргізу, құжатсыз көлік айдау оқиғалары жиілеп кеткенін ашып айтты.

– Есепті кезеңде полиция 4,5 млн-ға жуық жол қозғалысы ережелерін бұзу фактісінің жолын кесті, 17,5 мыңнан астам мас жүргізуші ұсталды, 20 мың жүргізуші көлік басқару құқығынан айырылды, – деді министр.

Премьер-Министр аталған салаларға қатысты нақты тапсырмалар жүктеді.

Үкімет тапсырмаларын орындау бағытында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жол-көлік оқиғаларына нақты талдау жүргізу, рейдтік шараларды қатаң қолға алуды тапсырды. Әсіресе, облыс аумағындағы трассаларда оқыс оқиғалар жиі болатындықтан, полиция департаментіне бақылау тетіктерін күшейтуді міндеттеді. Ал, көлік инспекциясына бақылау және тексеру жұмыстарын жауапкершілікпен атқаруды ескертті.

Биылғы жылдың 8 айында өңірде 247 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның салдарынан 91 адам қаза болып, 304 адам түрлі дене жарақатын алған. Республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автожолының бойында 68 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, оның басым бөлігі Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысына қарай бағыттағы II техникалық санаттағы жолда болған.

– Өкінішке қарай, көлікті масаң күйде жүргізу, жүргізушілердің түнгі уақытта жол үстінде қалғып кетуі салдарынан қайғылы оқиғалар жиі орын алуда. Қараусыз қалған сиыр, жылқының жол бойына шығып кетуі де жол-көлік оқиғаларын азайтпай тұр. Кеше ғана Қармақшы ауданының тұсында жол үстінде ұйықтап кеткен жүргізушінің әрекетінен көлік апаты болып, бірнеше азамат көз жұмды. Қаншама отбасы үшін бұл – ауыр соққы. Жолда көлік айдау жауапсыздықты, жүгенсіздікті көтермейді. Сондықтан бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды, – деді Н.Нәлібаев.

Қала, аудандардағы жол-көлік оқиғаларын саралаған аймақ басшысы иесіз жүрген малға қатысты пада ұйымдастыру, патрульдік нарядтардың жұмысын қайта жолға қою қажеттігін қатаң ескертті. Бұл ретте жүргізушілермен түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізу керек. Әсіресе, екінші санаттағы жолдарда туындайтын келеңсіздіктерге жете мән беріп, рейдтік шараларға жиірек шығуды тапсырды.

Жиында қала мен ауылға қатынайтын ауыр жүк көліктерінің де мәселесі қаралды. Егін жинау науқаны кезінде жүк көліктерінің шамадан тыс мөлшерде жүк тиеп, қатынауы жолдың сапасына да әсер етеді. Бұл ретте аймақ басшысы көлік тізгіндеген жүргізушілердің талапты сақтауы қатаң қадағаланатынын жеткізді.

ҚҰРМЕТ

# ПРЕЗИДЕНТ ҚҰТТЫҚТАУЫН ТАБЫСТАДЫ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім беру саласына елеулі үлес қосқан, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаз Марк Подольскийдің шаңырағына барып, Ұстаздар күніне орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізіп, «Алтын барыс» төсбелгісін тақты.**

– Сіз саналы ғұмырыңызды білім саласының дамуына арнап, өлшеусіз үлес қостыңыз, шәкірт тәрбиелеп, құрметке бөлендіңіз. Нағыз ұстаз қарапайым келеді деген ұғым бар. Сіз қарапайым болмысыңызбен шәкірттеріңізге әкедей қамқор, ұстаздарға жанашыр бола білдіңіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы орасан еңбегіңізді елеп, арнайы құттықтау жолдады. Мерейлі мерекеде деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілеймін, – деді Н.Нәлібаев.

Білім саласында табанды тер төккен ұлағатты ұстаз айрықша құрмет үшін алғысын білдірді.

– Мен үшін бүгін күтпеген айрықша сәт, сәл толқып та тұрмын. 60 жыл білім саласында қызмет етіп, 20 жылдан астам мектеп басқарыппын, ең бастысы, шәкірттеріме ақадал тәлім-тәрбие беруге тырыстым. Осы еңбегімді елеп-ескеріп, маған арнайы марапат жолдаған Президентімізге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді ұстаз.

Марк Подольский – білікті маман, сауатты басшы және шебер ұйымдастырушы ретінде аймақтың дамуына елеулі үлес қосқан қайраткер. Зейінді шәкірттер тәрбиелеп, ұстаздық жолға қосқан.

Тоқсанның төріне шыққан ардагер ұстаз білім саласына сіңірген ерлеулі еңбегі үшін «Парасат» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Сондай-ақ, биыл Тамыз кеңесінде ардагер ұстазға Қызылорда облысының Құрметті азаматы атағы берілді.

Айта кетейік, Президент тапсырмасы аясында мұғалімдердің жалақысы 4 жыл қатарынан 25 пайызға көбеюде. Ал, аймақта жыл қорытындысы бойынша еңбегімен көзге түскен, үздік 10 мұғалімге бір реттік 900 мың теңге қаржылай сертификат табысталмақ.

Мұнан бөлек, шәкірттері халықаралық, республикалық білім додаларында топ жарған ұстаздарды ынталандыру іс-шаралары іске асады.

Мемлекет қамқорлығы аясында биыл өңірде 6 мемлекеттік, 3 жеке мектеп салынды. Жеке мектептердің үлесі артып, қазір саны 22-ге жетті.

Президент бастамасымен келер жылы «Жайлы мектеп» жобасы бастау алады. Өңірде бұл бағытта 16 жаңа мектеп салу жоспарда бар.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# БАСПАНА ҮШІН АЖЫРАСУ БЕЛЕҢ АЛДЫ

«Отбасы банк» АҚ төрағасы Ләззат Ибрагимова толық емес отбасыларға берілетін ипотеканың шарттары неге өзгергенін түсіндірді.

− Біз қарыз берудің үш жылдық қорытындысына талдау жасадық және кейінгі төрт жылда «Толық емес отбасы» санатының аса жоғары қарқынмен өсіп келе жатқанын көрдік. Өкінішке қарай, Қазақстанда отбасы құндылықтарының дамып жатқанына қарамастан, 2017 жылы 54 626 ажырасу тіркелген. 2018 жылы олардың саны 54 797-ге дейін өсіп, 2019 жылы 59 796-ға жетті. Ажырасуға өтініш беру «COVID-19» пандемиясы кезінде қиынырақ болып, ажырасу саны 48 мыңға дейін қысқарды. 2021 жылы бұл сан қайтадан өсіп, 48239-ға жетті, − деді ол орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

«Бақытты отбасы» бағдарламасына бұған дейін көпбалалы, мүгедек баласы бар және толық емес отбасылар қатысып, төмен пайызбен баспанаға қол жеткізетін. Ажырасу көбейіп кеткендіктен, енді бұл тізімнен толық емес отбасы санатын алып тастады. Үкімет арнайы қаулы қабылдап отыр.

− «Толық емес отбасы» бағыты бойынша ажырасу туралы куәлік өткізгендер көп. 23 қыркүйекте Үкімет қаулысы аясында бұл санатты «Шаңырақ – 5-10-10» жобасына ауыстыру ұсынысы қолдау тапты. Мұндағы айырмашылық сыйақы мөлшерлемесіне қатысты. Әр отбасы деңгейінде айырмашылық шамамен 30 мың теңгедей болатын шығар. Мысалы, берешек 15 млн теңге болса, «Бақытты отбасы» бойынша несие алғандар алғашқы 8 жылда ай сайын 80623 теңгеден, 50% сома жиналғаннан кейін 63344 теңгеден төлейді. «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша «Толық емес отбасы» дәл сондай пәтерді сәл жоғары төлеммен сатып алады, яғни, ол алғашқы 8 жылда ай сайын 116 500 теңгеден, кейін 73 983 теңгеден төлейді, − деді Л.Ибрагимова.

Салымшылар бұл өзгерісті екіұшты қабылдап жатыр. Қала тұрғыны Ерқанат жеңілдік ажырасқанға емес, отбасын сақтап отырғандарға берілсін дейді.

− Отбасымды сақтап, ажыраспай отырғаным үшін «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатыса алмағанмын. Банктің барлық бағдарламасында «Толық емес отбасы» санаты бар. «Нұрлы жер» бағдарламасымен 3 бөлмелі үй алдық. Толық емес отбасыларға басымдық берілгендіктен, олар төменгі қабаттан үй алды. Бізге бесінші қабат. Тағдырдың жазуымен, шын мәнінде, жары қайтыс болып, отбасы толық болмай қалса қолдау білдірген дұрыс. Ал ажырасу құжатын әкелгеннің бәріне жеңілдік беруіне қарсымын. «Бақытты отбасы» бағдарламасына өзгеріс енгізгеніне қуаныштымын. Отбасы түгел болмай, баспанада бақыт болмайды, − дейді қала тұрғыны.

«Отбасы банк» АҚ Қызылорда филиалының мәліметінше, Қызылорда қаласында соңғы 4 жылда 256 толық емес отбасы баспаналы болған. Бағдарлама шартына сай ажырасқандығын растап құжат өткізген.

Солардың бірі Айжан есімді келіншек пәтерге тезірек қол жеткізу үшін жолдасымен құжат жүзінде ажырасқанын жасырмады. «Жалғызбасты ана ретінде баспананы төмен пайызбен, төменгі қабаттардан алуға мүмкіндігім барын естіп, осы қадамға бардым. Ойымыздағыдай пәтерге қол жеткіздік. Енді ипотекалық несием бітпейінше, заңды түрде некеге тұрмауым керек пе, соны біле алмай жүрмін» дейді.

Баспаналы болу – күйіп тұрған мәселе. Ол үшін ажырасып, қайта некелескендердің нақты саны белгісіз.

Аймақта 2021 жылы 232 азаматтың неке бұзуы тіркелген, ал биыл 9 айда 233 азамат ажырасқан. Мұның күрт көбеюіне әлеуметтік жағдай себеп дейді мамандар.

− Неке бұзуға өтініш беруге келген отбасылармен әңгімелесіп, себебін анықтауға тырысамыз. Басым бөлігі қаржының жетіспеушілігі, баспананың жоқтығы салдарынан жиі ұрысып қалатындарын айтады. Некеге өтініш беретін азаматтарға отбасылық ұстаным, салт-дәстүр, отбасы − бақыт мекені деп түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде жүргіземіз, – дейді Қызылорда қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің сектор меңгерушісі Нұржамал Есқараева.

Қызылорда қаласы әкімдігінің мәліметінше, қала бойынша тұрғын үйге мұқтаж 27 061 отбасы кезекте тұр. Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары санаты бойынша 10 309 адам кезегін күтуде. Бұл тізімді күрт көбейткен толық емес отбасылар.

Үкімет жаңа қаулыны жаңжақты қарастырды ма? Бір бағдарламадан толық емес отбасыларды алып тастағанымен, басқа бағдарламаларға қатыса алады, яғни ажырасулар мұнымен азаймайды деген сөз. Әлеуметтік жағдай қанша қиын болса да, отбасын сақтап жүрген жас отбасылар көп. Алайда әлі күнге дейін олардың баспаналы болуына қолдау білдіретін бірде-бір бағдарлама жоқ.

1-бет

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ЛАУАЗЫМ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның тегі, аты-жөні | Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| **Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы** | Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы | бейсенбі сағат 15.00-17.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, № 1 | 605401 |
| **Ідірісов Бақытжан Жеткерұлы** | «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы | сейсенбі сағат 15.00-17.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, № 1 | 605399 |

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8 (7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарласуға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, №1 мекен-жай бойынша келуге болады.

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі №1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жәшігі» орналасқандығын және 605401 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

**Электронды мекен-жай: kyz_oblmaslikhat@mail.kz**

«Қызылорда облысы бойынша 2022 жылғы IV тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 28 781 теңгені құрайды».

# ТЕҢІЗ ТІРШІЛІГІ
## немесе балыққа да бап керек

### БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 7461 ТОННА

Арал теңізі балықшыларына қатысты мынадай бір ереже бар. Мұнда балық аулау уақыты әр жылдың шілде айынан басталады. Келесі жылдың дәл осы айына дейін белгілі бір лимит бойынша балықшылар қайық есіп, ау салып жүр. Әрине, бір жыл ішінде балық қорының табиғи көбеюі немесе уылдырық шашу уақытында теңіз не дария бетіне бірде-бір балықшы жоламауы тиіс.

Жоғарыда айтқандай, биыл бірінші шілдеден бастап Кіші Аралдан 6924 тонна балық ауланбақ. Ал теңізден бөлек, «Қамыстыбас» және «Примор» көлдер жүйесінен 537 тонна балықты сүзуге рұқсат берілген. Жалпы Арал ауданы бойынша биылғы меже – 7461 тонна.

Біздегі мәлімет бойынша, балық ауланатын Кіші Арал 18 учаскеге бөлінген. Әрқайсысының өз иесі яғни, кәсіпкерлер белгілі бір мерзімге жалға алып отыр. Одан бөлек, дария арнасы әрі одан су алатын 20 көлді де есепке аламыз. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі мамандарының айтуынша, бүгінде 18 көл табиғат пайдаланушыларға ұзақ мерзімге берілген. Қалған екеуі резервте.

Тағы бір айта кетерлігі, Кіші Арал теңізінде балықтың 19 түрі мекендейді. Оның ішінде 17 түрі ауланады. Ал Арал ауданы әкімдігі берген мәлімет бойынша, өңірде 31 балықшы бригадасы болса, барлығы 700-ден астам адам осы салада жұмыс істейді. Бригадаларға тиесілі 256 флот, 6 үлкен (СМБ-40) және 3 шағын кеме (БМК-130, «Касатка-640»), 9905 құрма ау, 24 жылым, 38 кермеше бар. Кешегі шілдеден бастап ауданда 56 тонна балық ауланған. Ал өңделген балық көлемі – 2644 тонна.

### ЭКСПОРТ ӘЛЕУЕТІ

Кезінде тасыған теңізде балық зауыты мен комбинаты көп болды дедік. Қазір де жоқ емес. Аралда 9 балық өңдеу зауыты бар. Бұлардың жылдық қуаты 24 мың тоннаға жуықтайды.

Осы 9 зауыттың ішіндегі бесеуі балықты терең өңдеумен айналысады. Олар – «Agrofish 2020», «Арал СДО» ЖШС, «Камбала балық» балықшылар өндірістік орталығы, «СДО Қарашалаң» және «Aral seafood» ЖШС. Ал қалған «Ар-М-Кон», «Бөген СДО», «Қуаныш», «Zhalgasbay» сияқты шағын зауыттар балықты қатыру, мұздату және ыстау сияқты жұмыстарды атқарады.

Мойындау керек, балық аулау және оны экспорттауда Арал ауданының үлесі басым. Оқырманға бұған дейін белгілі, Аралдың балығын Еуропаға артып жүрміз. Әрине, белгілі бір талапқа сай экспортталады. Соның бірі – Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Еврокод» белгісі. Бұл екі-ақ кәсіпорында бар. Атап айтсақ, «Agrofish 2020» және «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС.

Ал аудан бойынша биыл 1935 тонна балық өнімдері экспортқа шығарылған. Араллдан шыққан балық Ресей, Польша, Әзербайжан, Германия, Грузия, Нидерланды, Венгрия мемлекеттеріне жөнелтілуде.

### БАЛЫҚ ҚОРЫНА БАСЫМДЫҚ

Теңіз түбін сүзіп жүрген кәнігі балықшылар балық қоры бұрынғыдай еместігін айтады. Әрі салмағы 10 келіге жуықтайтын ірі балықтардың қарасы да сиреген. Суға салған аудың да көзі бұрынғыдан

тарыла түскендей. Мұның барлығы балықшылардың майда балыққа дейін аулайтынына бірден-бір дәлел.

Десек те, теңіз байлығын сақтауда атқарылып жатқан шаруалар жоқ деп мүлде айта алмаймыз. Аудан территориясына қарасты питомник пен кейбір тоғандар бұл үдеден шығып келеді. Балықты көбейту мен өсіруге ынталы жеке кәсіпкерлер де аз емес.

Ауданға қарасты Қосжар ауылында «Қамыстыбас балық өсіру питомнигі» РМКҚ орналасқан. Бұл – облыстағы мемлекеттік тапсырыспен Арал өңірі, Сырдарияның төменгі құйылысындағы балық аулау кәсіпшілігіне ыңғайлы табиғи су қоймалары мен көлдерге шабақ жіберумен айналысып келе жатқан жалғыз мекеме.

Питомниктің тағы бір бөлімшесі Қаратерең ауылына қарасты «Тастақ» елді мекенінде де жұмыс істейді. Екеуінде де арнайы инкубациялық цехтар бар. Оның бірі гуманитарлық көмек арқылы Израильден әкелінген.

– Питомник 1966 жылы құрылған. Мұндағы мақсат – теңіздің қайту кезеңінде балық қорын яғни, түрлерін құртып алмай, санын арттыру, қорын сақтау. Қазір мұнда балықтың үш түрі өсіріледі. Ақ амур, дөңмаңдай, тұқы. Бұлар өте

бағалы балықтар қатарына жатады. Балықты өз уылдырығы арқылы ұрықтандырып, арнайы уылдырық шайқау цехы арқылы күтіп-баптаймыз. Питомник жанындағы тоғандарда бір жаздық шабақтың салмағы күзге дейін 20 граммға жеткізіледі. Құрама жем беріліп, өсіп-өнуіне еш кедергісіз жағдай жасалады. Осылай арнайы күтімге алынған шабақтар теңіз бен жақын маңайдағы көлдерге қыркүйек айында жіберіледі. Сондай-ақ су айдындарын жалға алып отырған табиғат пайдаланушылар да питомниктен шабақ алып, өз көлдеріне жіберіп жүр, – дейді питомник директорының орынбасары Айдос Есепбаев.

Жалпы облыс көлеміндегі табиғи су айдындарында балық қорын көбейту үшін республикалық бюджеттен жыл сайын қомақты қаржы бөлінетіні рас. Соның ішінде Кіші Арал мен «Ақшатау», «Примор», «Қамыстыбас» көлдер жүйесіне осы питомник арқылы 14 млн 800 мың бір жылғы шабақ және 420 мың екі жылғы шабақ жіберіледі екен.

Айтпақшы, былтыр облыста «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» бекітілген болатын. Бұл бойынша Арал ауданына қатысты тауарлы балық өндірісін ұлғайту үшін 7 көл тізімге енген. Атап айтатын болсақ, «Ақшатау-Сорғақ», «Домалақ», «Тұщы», «Қаракөл», «Алаша», «Ақбілек» және «Шөмішкөл» көлі.

Бүгінде аудандағы тауарлы балық өсіретін шаруашылықтарды ұйымдастыру бойынша жұмыстар атқарылуда. Мысалы, «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС-нің «Тауарлы балықты өсіру және өңдеу комплексін ұлғайту» жобасы. Бұл жоба 4 компоненттен тұрады. Бірінші, балықты терең өңдеу цехы, екінші, «Домалақ» көлдік-тауарлық көксерке шаруашылығын құру, үшінші, «Қамбаш» тоған шаруашылығы, туристік демалыс орталығы, соңғысы тоңазытқыш цехы мен жатақхана салу. Құны 450 млн теңге болатын жоба екі жыл бұрын басталған. 2026 жылы толық аяқталады деп жоспарлануда.

Ал жоғарыда айтқан бағдарламадан тыс өз бастамасымен балық өсіруші кәсіпкерлер де жетерлік. Жаңақұрылыс ауылындағы Аманкелді Есімов, Қарақұм ауылдық округі бойынша Шалғынбай Алматбаев, Бекбауыл елді мекенінен Фарида Қарақұлова және Қарашалаң ауылынан Қанат Қарагенеев балық өсіру тоғанын құрып, өңірдегі осы салаға дем беріп жүр.

Жоғарыда айтып өткен, өңірлік бағдарлама аясында облыста 55 тауарлы су айдыны, 4 тоған шаруашылығы және бір тұйық сумен қамтамасыз етілген жүйе өз жұмыстарын жүргізуде. Биыл бағдарлама шеңберінде 2 тоған шаруашылығы және 6 шарбақтық шаруашылық құру жоспарланған. Қазір екі тоған толығымен іске қосылған. Онда сазан, ақ амур, дөңмаңдай және африкалық жайын өсірілуде.

Иә, балық шаруашылығы – дария жағалай қоныстанған елге ежелден сіңісті кәсіп. Сырдария мен бастауын сол өзеннен алатын теңізді, көп көлді сүзіп, несібесін теріп жүргендер бізде жеткілікті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өңірде балық аулау тым қарқынды бола қойған жоқ. Өйткені, бұрынғыдай шалқыған теңіз жоқ. Бірақ Арал өңірі үшін ең маңызды болған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасы іске асқан соң, бұл саланың біртіндеп дамығаны рас. Егемендіктің басында 400 тонна ғана ауланып келген балық көлемі 20 есеге өсіп, бүгінде 8 мың тоннаға дейін жетті.

Екіншіден, балықшыларға деген құрмет те жыл сайын артып келеді. Оның дәлелі ретінде, 50 жылдан соң алғаш рет 2015 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен Арал өңірі балықшыларының слеті өтті. Балық шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ресми түрде бекітілген. Олардың мәртебесі айқындалып, жыл сайын арнайы мерекеленіп жүр. Айтпақшы, биылғы балықшылар тойы осы қазан айында атап өтілмек.

Арал ауданы

1-бет

# НАУҚАН МӘРЕГЕ ТАЯДЫ

Биыл облыстың ауыл шаруашылығы құрылымдары 2,8 млрд текше метр су алды. Рас, әлі күнге дейін судың ысырабы күн тәртібінен түспей келеді. Бұл бағытта облыс басшылығы тарапынан суды үнемдеу технологиясына мән беріп, оны қатаң бақылауға байланысты тиісті іс-шаралар қолға алынып отыр. Осы мақсатта австриялық «Рубикон» компаниясымен жұмыс жүргізілуде. Сол арқылы Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандары бойынша «Шіркейлі» каналында суды пайдалануды автоматтандыруға көңіл бөлінеді. Демек, нақты өлшем, үнемдеу мәселесі мықтап қолға алынады.

– Қазір қанша мөлшерде суды пайдалануды есептеуде көптеген қиындық бар. Әсіресе, суды бөлу және жеткізіп беруде осындай кемшіліктер көлденеңдеп тұр. Сондай-ақ, су шығынын азайту мақсатында жерді тегістеу жұмысына мән берілді. Әсіресе, күріштік жерлерді тегістеудің маңызы зор. Оған қоса су насостарын пайдалану арқылы егіске қажетті мөлшерде су алынды. Әрине, шетелден келетін минералдық тыңайтқыш бағасында өсу байқалды. Мемлекет тарапынан жасалған қолдаудың нәтижесінде бұл мәселе толығымен шешілді, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Кейінгі уақытта облыста азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында біраз жұмыс жасап отыр. Осы мақсатта биыл облыс әкімінің тапсырмасымен көкөніс-бақша дақылдарының көлемі артты. Бұл жұмыс облыстың барлық ауданында жүзеге асты. Қазірге дейін картоптың 83,1 (3,4 мың гектар), көкөніс (6,4 мың гектар) пен бақшаның (8,8 мың гектар) 98 пайызы жиналды. Көкөністің әр гектарынан 139,7, көкөністен 197,1, бақшадан 239,8 мың центнерден өнім келуде. Елдегілер өнімді шетелге және еліміздің өзге өңірлеріне сатуға мүмкіндік алды.

– Олардың арасынан басты дақыл – күріштен 100 мың тоннадай өнімді экспортқа шығаруға қол жетті. Экспортқа шығару – мол пайданың көзі. Жоғары бағамен сатуға жол ашылады. Сол арқылы ауылдағы ағайынның табысы артады. Бүгінде Сыр күрішіне Өзбекстан, Әзербайжан Тәжікстан, Ресей, Қырғызстан, Моңғолия тұрғындары қызығушылық танытуда. Сондықтан алдағы уақытта дария арқылы келетін судың деңгейін ұстай отырып, күріш көлемін кеміт-пеуге күш саламыз. Сондай-ақ, қызылордалық диқандар еліміздің аталған өнімге сұранысын толығымен қамтамасыз етіп келеді. Елімізде қайсыбір жылдарда шетелден келетін күріш өнімдері сатылып жататын. Қазір халық өзіміздің күрішті көбірек алуға тырысады, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Кейінгі уақытта Шиелінің қызанақ өсірумен аты алысқа жетіп тұр. Оған еліміздің солтүстік өңірлерінен сұраныс артуда. Кейде тіпті көршілес Түркістан облысының өзі аталған өнім төмен бағасы болған жағдайда арнайы келіп алып жатқандар бар.

Басқарма басшысының орынбасары облыстың табиғи жағдайында күріштен бас тартуға әсте болмайтынын айтады. Себебі, ол алдымен жерді тұзданудан сақтайды. Соның салдарынан жер айналымнан шығады.

– Өкініштісі, бүгінде күріш көлемін қысқарту жөніндегі әңгіме жиі қозғалып жүр. Дегенмен олардың көбісі Сыр өңірінің табиғи ахуалынан мүлдем бейхабар. Жақында еліміздің Ауыл шаруашылығы және Экология және геология министрлері назарына аталған мәселелер ұсынылды. Министрлер бұл мәселеге көз жеткізіп, алдағы уақытта қолдау көрсетілетінін айтты, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

1-бет

## Аудан жаңалықтары

### СУ АЙДЫНДАРЫНА ЖІБЕРІЛДІ

**АРАЛ**

**15 миллионнан астам шабақ су айдындарына жіберілді. Ала жаздай күтіммен өсірілген су маржандары Кіші Арал теңізі мен көлдер жүйесінің экоқорын молайта түспек.**

«Қамыстыбас» тұқымбағы мемлекеттік тапсырыс негізінде жыл сайын майда шабақ өсіріп, су айдындарына жіберіп отырады. Оның әрқайсысы тарыдай уылдырықтан өсіп шығады.

«Қамыстыбас» балық питомнигінде 100-ден аса қызметкер бар. Балық қорын молайту жұмыстарының тұрақты жүргізілу нәтижесінде Сырдария өзенінің төменгі сағасындағы су тоғандарында балықтың бірнеше түрі қалыптасты. Бұл жолы су айдындарына ақ амур, дөңмаңдай, тұқы балықтардың шабақтары жіберілді.

### ЖАҢА КӘСІПКЕРЛІК НЫСАН

**ҚАЗАЛЫ**

**Әйтеке би кентінің орталығынан жаңа кәсіпкерлік нысан – «Marlen» сауда орталығы ашылды.**

Жеке кәсіпкер Тәжімұрат Қайрат Төремұратұлы 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба аясында аудан халқына қызмет көрсетуде. Нысанда 15 адам жұмыспен қамтылып отыр. Ғимараттың бірінші қабатында «Marlen» азық-түлік супермаркеті, екінші қабатында «Бану» сұлулық салоны мен киім бутиктері бар.

### ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

**ҚАРМАҚШЫ**

**Ш.Төлепова атындағы мәдениет үйінде «Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы, қасиетіңе бас иелік мәңгілік» тақырыбында Ұстаздар күніне орай мерекелік концерт өтті.**

Аудан әкімі Әділбек Ерсұлтанов барша ұстаздар қауымын кәсіби мерекесімен құттықтады. Салтанатты іс-шарада бірқатар ұстаздар ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, және облыс, аудан әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Білім саласының ардагерлеріне де айрықша құрмет көрсетіліп, сый-сияпат жасалды.

### ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

**ЖАЛАҒАШ**

**Қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен арнайы мәжіліс өтті.**

Жиынға облыстық полиция департаментінің бастығы Мұхтар Қожабаев, аудан әкімі Асқарбек Есжанов және сала ардагерлері қатысты.

Жиын барысында аудандық полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекеровтің 9 айда атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды. Сондай-ақ аудан көлеміндегі мәселелер талқыланып, шешу жолдары айтылды.

### ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ БАСТЫ НАЗАРДА

**СЫРДАРИЯ**

**Аудан әкімі Мұрат Ергешбаев Тереңөзек кентіндегі О.Мәлібаев, Қ.Бөдеев көшелерін аралады.**

Көше тұрғындарының өтінішіне сәйкес, О.Мәлібаев елді мекенін аббаттандыру, көше бойындағы Тағзым алаңын қайта жаңғырту, балаларға арналған ойын алаңы, демалыс орнын салу жобасы дайындалуда. Ал, Қ.Бөдеев көшесін жөндеу және аяқсу жеткізу үшін жұмыстар жасалуда. Елді мекеннің тұрғындары көтерген ұсыныстың бірі – жаңадан клуб пен балабақша құрылысы еді. Бұл мәселені шешу мақсатында жер телімдерін нақтылау бойынша ұсыныс енгізуді аудан әкімінің орынбасарына жүктеді.

### ШИЕЛІ МАРАФОН – 2022

**ШИЕЛІ**

**Республика күні қарсаңында Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі, аудандық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудан тұрғындары арасында «Шиелі марафон – 2022» жүгіру марафоны өтті.**

Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, бұқаралық спортты жандандыру мақсатында өткен шараға 300-ге жуық аудан тұрғындары мен жастар қатысып, бақ сынады. Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды Нұржігіт Тұраров, 2-орынды Нұртас Қыдырбаев, 3-орынды Георгий Березов иеленді. Жарыс жеңімпаздарына ұйымдастырушылар тарапынан қаржылай сыйлықтар мен дипломдар берілді.

### МОНИТОРИНГ ЖҰМЫСТАРЫ

**ЖАҢАҚОРҒАН**

**Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Талғат Зейдалиев кенттегі «Заңғар», «Береке», «Ғани», «Қарабұра», «Магнит» секілді ірі сауда үйлеріндегі 19 түрлі азық-түлік бағаларына мониторинг жұмыстарын жүргізді.**

Т.Зейдалиев кәсіпкерлерге картоп, сәбіз бағаларын 150-160 теңге, пиязды 80 теңгеден асырмай сату керектігін түсіндірді. Тұтынушылар жұмыртқа бағасының көтеріліп жатқанына алаңдайтынын жеткізді, сөрелерде кейбір азық-түлік бағалары жазылмағанын атап өтті. Сұранысқа сәйкес баға белгілері қойылмаған ішінара әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қатарына бағалары жазылып қалпына келтірілді. Сондай-ақ, жұмыртқа бағасының өсу себептеріне түсініктеме жасалды.

Дайындаған: **Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»**

# СЫР БОЙЫНДАҒЫ АХУНДАР МҰРАСЫ

**Ұлттық рухани жаңғыру жобасы аясында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі мен «Qyzylorda» телеарнасы бірлескен «Құнды жәдігер» жобасы бойынша Сыр бойында XIX-XX ғасырларда өмір сүрген Әлібай ахун Қоскұлақұлы (1837-1928 жж.), Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы (1848-1923 жж.), Садық ахун Қодарұлы (1860-1937 жж.), Қалжан ахун (Қалмұхаммед) Бөлекбайұлы (1862-1916 жж.) пайдаланған құнды жәдігерлерді зерттеу мақсатында арнайы экспедициялар ұйымдастырылып, тарихи-танымдық телехабарлар көрермендерге жол тартты.**

Жоба аясында 2021 жылдың тамыз айында Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейі және Садық ахун жерленген Сырдария ауданы Ақжарма ауылына арнайы танымдық экспедиция ұйымдастырылды.

Садық ахун XIX-XX ғасырларда Сыр бойындағы белгілі діни қайраткерлердің бірі саналады. 1860 жылы Түркістан өлкесі, Сырдария облысына қарасты Ақмешіт уезі, қазіргі Сырдария (Тереңөзек) ауданындағы Ақжарма ауылында «Алтыбас Алаша» Қодар батырдың отбасында дүниеге келіп, осында 1937 жылы қайтыс болған. Оны жастайынан Тапал ахунға 14-15 жасында шәкірт етіп береді. Кейіннен Садық Сыр бойындағы діни адамдардың ұстазы атанған Қармақшы жеріндегі Ораз ахун Бекетайұлынан дәріс алып, өзінің алғырлығы арқасында ұстазы мен замандастарын таңғалдырады. «Көкілташ» (Көкалташ) медресесіне түсіп, онда төрт жыл оқып «ахун» дәрежесін және медресені бітірді деген шатырхатты қоса алып келеді.

Садық ахун медресе жанындағы Иранның дәрігерлік мектебінде діни білімімен қатар Әбу Ғали Ибн Сина ілімдерін оқиды. Ұстаздары: «Садық, сенен үлкен дәрігер шығады, Иран, Франция елдеріне барып оқуыңды жалғастыр» деген ақыл-кеңестерін береді. Бұл ұсынысты әуелде құп алғанымен, өзін бүкіл ел күтіп отырғанын ескеріп, Сыр бойына қайтып оралады.

Садық ахунның есімі емшілігімен де танымал болып, күні бүгінге дейін оның есіміне «Садық ахун», «Садық емші» деген атау жалғасып келеді. Жергілікті халықтың ұсынысымен 1900 жылы Қармақшы ауданындағы «Иркөл» маңына көшіп келіп, ел дәулеттілерінің көмегімен мешіт салып, сонда ұстаздық етеді. Бұл кезде де бала оқытумен бірге емшілікпен айналысады. Осыдан кейін мешіт – «Садық ахун» мешіті деп аталады. Қазіргі уақытта мешіттің тек орны сақталған.

Садық ахун XX ғасырдың 20-30 жылдары Сыр бойындағы саяси жағдайларға белсене араласып отырған. Елді күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілген Ақмырза ишан көтерілісіне тілектес болып, хат жазып хабарласып тұрған. Елдегі белсенділердің көрсетуімен 1930-1933 жылдары әуелде Қармақшы, Қазалы, кейіннен Алматы қаласындағы түрмелерге қамалады. Түрмеде отырғанда С.Есқараев (республика прокуроры) ауызша деректерде жасырын емделіп, дертінен жазылып шыққан көрінеді. Сондықтан оның кеңес үкіметіне қарсы еместігін дәлелдеп, Садық ахунды түрмеден босатқан. Ел ішіндегі деректерде белгілі академик Қаныш Сәтбаевты да емдеген көрінеді.

Қазіргі таңда Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінде ахунның емшілікте пайдаланған дүниелерімен бірге кітаптары да сақталған. Садық ахунның жеке қорында сақталып, кейін ұрпақтары аудандық музейге өткізген заттарының ішінде екі кітаптың жалпы мазмұны аударылды. Аударуға сол кездегі Жаңақала ауылының имамы Ербол Тағыбергенұлы жәрдемдесті. Бірінші кітаптың аты «Уафа, у-Альуафа, Биахбари Дарильмустафа» қазақшасы «Мәдина қаласы туралы толық ақпарат». Авторы Абул Хасан ибн Абдуллах аль-Самғуди. Зерттеулер нәтижесінде Абул Хасан аль-Самғудидің Мысырдағы Самғуд елді мекенінде 1440 жылы дүниеге келіп, 1505 жылы Мәдина қаласында дүниеден өткенін, 50-ден астам ғылыми кітапшалардың авторы, көбінесе тарихи шығармаларды жазғанын анықтадық. Кітапта Ислам діні орнамас бұрын және Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) заманындағы Мәдина қаласындағы тарихи оқиғалар, мешіттер, жолдар, түрлі мекендер жазылған.

Екінші кітап – Құран тәпсір, авторы – Мухиддин ибн Араби (1165-1240 жж.). Ислам әлемінде «Шейх әл-Акбар (Ұлы ұстаз)» атағын алған суфистік бағыттағы ұлы ғұламалардың бірі. Тәпсір дегеніміз Құранды түсіндіру Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) сүннеті арқылы, яғни оның белгілі бір аяттарға қалай амал еткені, оларды қалай түсіндіргені туралы хадистермен және оның ең жақын сахабаларының сөздерімен жүзеге асты. Кітаптың көлемі – 484 бет. Осман империясында жарық көруі мүмкін.

Сонымен бірге ұрпақтарының қолында ахунның емшілікке пайдаланған дәріүккіші және ағаш асасы сақталған. Қоладан жасалған дәріүккішті емдік қасиеті бар шөптерді үгіп, майдалау үшін, ал ағаш асаны сілкіп отырып, ауру адамды өзіне қаратып дертінен айықтыру үшін қолданған. Асаның басына темір салпыншақ, сақиналар ілген.

Жоба аясында Сыр бойында өмір сүріп, аса білімдарлығымен мойындатқан Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы мұрасы зерттелді.

Тапал ахун діни білімді Хорезмде алады. Елге оралғаннан кейін ауылына (қазіргі Шіркейлі ауылы) екі мешіт салдырып, шәкірттеріне орыс тілін қоса оқытқан. Тапал ахун деп аталу себебі, ол кісінің бойы аласа болса керек. Содан медреседе оқып жүргенде ұстазы қойған қандай сұрақ болмасын, басқа шәкірттер ойланып болғанша Нұрмұхаммед мүдірмей дәлме-дәл жедел жауап беріп отырады екен. Мұнысына риза болған ұстазы: «Ә, Тапалым жарайсың!» деп арқасынан қағатын көрінеді. Содан бастап Нұрмұхаммед аты аталмай Тапал болып, кейіндері дуалы ауыз ұстазының арқасында Тапал ахун аталып, халық ішінде осы лақабымен танымал болады.

Ел ішінде сақталған әңгімелердің бірінде 1916 жылы Ресей империясына қарсы Торғай даласындағы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде қазақтар бастаған соғыстың әділдігін дәлелдеп, пәтуа бекітуге Амангелді Иманов өзінің сенімді серіктерінің бірі Омар Шипинді Тапал ахунның батасын алу үшін Торғайдан Сырға жібереді. Тапал ахун: «Бұл соғыс – әділ соғыс» деп батасын береді. Осының өзі оның өз заманында қандай ірі тұлға болғанын білдіреді.

Қазір ахун ұрпақтарының қолында 40-қа жуық сирек кездесетін кітап сақталыпты. Оның ішінде екі кітаптың мазмұны зерттелді. Бірінші кітап «Ахтари Кабир» деп аталады. Кітап XIX ғасырдың аяғында Қазан қаласында жарыққа шыққан. Зерттеу нәтижесінде еңбектің авторы түркіден шыққан атақты фақиһ (Ислам құқығының білгірі) және лингвист ғалым, дінтанушы, араб әдебиеті мен тіл білімін терең меңгерген ғалым Ахтари Муслихиддин Мустафа ибн Шамсиди Ахмад екені анықталды. Ол бүгінгі Түркия Республикасындағы Афион-Қарахисар деген жерінде 1496 жылы туған. Сондықтан ол кісіні кейде Қарахисари деп те атаған. Ғұламаның балалық шағы, алғашқы ұстаздары туралы дерек аз, өмірінің ақырына дейін Кутахиа қаласындағы медреседе мударистік қызмет атқарған.

Осман сұлтаны Ғажайып Сүлеймен ғалымды жоғары бағалаған. Ең маңызды шығармаларының бірі – дәл осы «Ахтари кабир» арабша-түрікше сөздігі. 40 мың сөзді қамтыған. Автордың өз сөзінше кітап 1545 жылы Кутахиа қаласында жазылып біткен. Алғаш рет 1242/1826 жылы Стамбулда, одан кейін Түркияның басқа қалаларында, Мысырда, Иранда, Қазанда, т.б. елдерде басылған. Лингвистика бойынша көне түркі тілдік танымдағы маңызға ие.

Бұдан басқа автордың «Тарихи Ахтари», «Жами ул масаил», «Шархи рисала әл-Кафауи фил адаб» атты еңбектері кең таралған.

Екінші кітап «Фатауа Аламгияр» деп аталады. Кітап XIX ғасырдың аяғында Мысырдың «Маймана» баспасынан шыққан. Бұл кітаптың қосымша атауы – «Әл-Фатауа әл-Индия». Шариғат заңдары жалпы этика, әскери стратегия, экономикалық саясат, әділеттілік пен жазаға негізделген жинақ. Еңбектің жарыққа шығуына Моғол империясының 6-падишахы Мұхаммед Мұхиуддин Аурангзеб Аламгияр ықпал еткен. Еңбекте исламдық құқықтану сипатталған. Бұл топтамада Құран сүрелері, хадистер соның ішінде Сахих әл-Бухари, Сахих Муслим, Сунан Әбу Дәуіт және Жәми ат-Тирмизиден қалған хадистер енгізілген. Сонымен бірге кітапқа әлемнің әр түкпірінен, көрнекті ғалымдардың еңбектері енді.

Падишах Аурангзеб бұл еңбекті шығаруға ислам заң ғылымдарының 500 сарапшысын жинады деген деректер бар. Ол бастапқыда әртүрлі тілдерде 30 томды қамтыды, бірақ қазіргі басылымдарда 6 том болып басылып шыққан. Еңбек бүкіл Моғол империясында сот құқығының негізі болып, дініне қарай әртүрлі қарайтын құқықтық жүйені құрды.

Жоба барысында XIX-XX ғасыларда Сыр өңірінде өмір сүрген белгілі діни қайраткерлердің бірі Қалжан ахун (Қалмұхаммед) Бөлекбайұлы пайдаланған жәдігерлер зерттелді.

Қалжан ахунның арғы тегі Ақтөбе облысының Жаманқарағай деген жердегі Табын руынан шыққан. Сол заманның үрдісі бойынша Бөлекбай батыр Қалжанды жеті жасынан бастап медресеге беріп, сауатын ашқан.

«Көкілташ» медресесінде он жыл, яғни жиырма жеті жасына дейін тапжылмастан білім алған Қалжан ахун негізгі оқуы шариғат және заң саласын толығымен тәмамдап, оларға қоса философия, астрономия, математика, биология ғылымдарын тауыса оқып, шаруашылық басқару ісін игеріп шығады.

Қалжан «Көкілташта» оқып жүргенінде Сыр өңірінен келіп дәріс алып жүрген Ораз ахун Бекетайұлымен жақын дос болады. Қалжан ахунның білімдарлығын танып білген Ораз ахун оған қызы Зәйтекті қосып, 1890 жылы оны Табындардың ортасына, Жалағаш жеріне алып келеді. Бұл жердегі ағайын ахунды құшағын айқара ашып, қарсы алады.

Қалжан ахун 1901-1906 жылдары «Орынбор-Ташкент» теміржолының салынуына байланысты құрылысшылардан кірпіш зауытын сатып алып, қыш, кірпіш құйдырып, медресе салуды қолға алады. Ахунның бұл бастамасын жергілікті халық қызу қолдайды. Сырдың атақты шайыры Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Қалжан ахуннан дәріс алғаны туралы деректер кездеседі. Асқан білімдарлығымен, қайраткерлігімен елге атақ-даңқы жайыла бастаған Қалжан ахун да отаршыл саясаттың құрығына ілініп, қуғынға ұшырап, түрмеге жабылады. Ахун 1916 жылы өмірден өткеннен кейін салдырған медресе құрылысы толық аяқталады.

Қалжан ахунның дүниелері облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған. 2004-2005 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыстық музейде «Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар» экспозициялық залы ашылып, Сыр өңіріндегі араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған кітаптар мен қолжазбалар жинақталды. Сол кезеңде Қалжан ахунның екінші ұлы Муаммер мақсұмның баласы Хасанатулла жинақтап, музей қорына өткізген. Музей қорында 40-тан астам парақша ретінде сақталған. Екі қолжазбаны арабшадан тәржімалағанда мал етінің қай уақытта харам немесе халал болатыны туралы ислам ғалымдарының берген діни пәтуалары екені анықталды. Сонымен бірге Қалжан ахунның тақиясы, жайнамазы, қайрақ тасы музей қорындағы құнды жәдігер саналады. Тақия түрлі-түсті жіп арқылы өсімдік тәрізді өрнектермен кестеленген. Бұл тақияның түрі XIX-XX ғасырларда Орта Азия елдеріне кең тараған. Жайнамазды ахун құлшылықта пайдаланған. Жайнамаз сары, қара, сұр түсті жіптер арқылы жолақтармен кестеленген. Ұзындығы – 115 см, ені – 62 см. Ислам елдерінде жайнамаз төселген уақытта әрбір мұсылман сыртқы әлемнен оңашаланды деген сенім сақталған. Бұл жайнамаздың түрі XIX-XX ғасырларда Орта Азия елдеріне кең тараған. Қайрақ тас ахун үй тұрмысында пайдаланған. Жәдігердің ұзындығы – 13 см, ені – 6 см, қалыңдығы – 2,3 см. Пішіні төртбұрышты етіп жасалған. Ұрпақтары киелі дүние ретінде сақтап, Сырдария аудандық музей қорына өткізген. Қалжан ахуннан қалған мұра әлі де зерттеуді қажет етеді.

«Құнды жәдігер» жобасында зерттеліп, насихатталған діни қайраткерлердің бірі – Әлібай ахун Қоскұлақұлы. Ахун Сарықұм деген жерде дүниеге келген. Әуелі ауыл молдаларынан, кейіннен Ораз ахуннан дәріс алған. Хорезм қаласынан діни медресені бітіріп келгесін Сарықұмда халықтың күшімен мешіт салған. Бұл мешітте көптеген жастар білім алған. Кейіннен елдің белгілі адамдары Қаратөбе деген жерден Әлібай ахунға арнап жаңа мешіт салғызады (бұл мешіт қазіргі Ақтөбе облысының аумағында). Мешітте шәкірттерге дәрісті ахунның өзі оқыған.

Әлібайдың бала күнінен ерекшелігі байқала бастаған. Өте үздік оқушы болған. Баланың келешегіне көз жіберген ұстазы Ораз ахун ақ батасын беріп, Хорезм қаласындағы Ер Сейтпенбет әулиенің әулеті Салқы ишанға оқуға жіберген. Әлібай араб тіліне өте жүйрік болған.

Кезінде халқына қалтқысыз қызмет еткен, сарқылмас білім берген, өзінің аруағымен, алымдылығымен, жоғары адамгершілігімен, әділдігімен ел есінде қалған Әлібай ахунға халқы үйтам орнатқан.

Әлібай ахунның ұрпақтарында желдиірмені мен кітаптары сақталған. Ел ішіндегі деректерге сүйенсек, Ноғай деген кісі ахунға риза болып үш диірменді сыйға берген екен. Бүгінгі күнге дейін екеуі сақталған. Кеңес дәуірінде жел диірменді арнайы техникамен бұзған. Кейін темірмен құрсаулаған. Диірменнің екі тасының қалыңдығы 15 см, диаметрі 80 см-ге жуық. Оны халық киелі дүние ретінде санап, Әлібай ахун жерленген қорымға жақын жердегі бұзылған мешіттің жанына қойған.

Әлібай ахунның ағарту жұмыстарына пайдаланған дүниелері, яғни кітаптары мен қолжазбалары Қармақшы ауданындағы ахунның қарашаңырағында Әжмағанбет баласы Абдулғазимнің қолында. Онға жуық кітаптардың арасында «Мухтасар-уль-уикайа фи масааиль-аль-хидайа» жақсы сақталған. Авторы – XIV ғасырдағы Бұқара қаласында өмір сүрген атақты ғұлама Убейдуллах ибн Масуд бин Махмуд бин Ахмад аль-Махбуби. Кітапта Ханафи мәзһабы бойынша мұсылмандардың күнделікті өмір сүру ережелері баяндалған. Кітап 49 бөлімнен тұрады. Бұлар – «Тазалық кітабы», «Дұға кітабы», «Зиярат кітабы», «Неке кітабы», «Талақ кітабы» және «Татуласу кітабы», т.б. Жәдігер 1901 жылы Ресей империясының астанасы Санкт-Петербург қаласында арнайы цензурадан өтіп, 1902 жылы Қазандағы Императорлық университеттің типолитографиясында басылып шыққан. Бұдан да басқа кітаптар мен қолжазбалар әлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді.

Қазақ елі, соның ішінде Сыр бойы тарихи тұлғалардан ешқашанда кенде емес. Халқымызды діни-ағарту бағытында ахун-ишандардың рөлі зор болды. Мақалада қамтылған Садық ахун Қодарұлы, Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы, Қалжан (Қалмұхаммед) ахун Бөлекбайұлы, Әлібай ахун Қоскұлақұлы шоқтығы биік тұлғалар болып саналады. Осы орайда тарихи мұраны ұлықтаған «Құнды жәдігер» жобасының бір бағыты ретінде жоғарыда аталған тұлғалардан қалған тарихи маңызы бар жәдігерлер зерттеліп, жергілікті БАҚ-да насихатталуда. Алдағы уақытта да жоба аясында Сыр өңірінде қаншама тарихи мұраның сыры ашылары сөзсіз.

**А.САЙЛАУ,**
**облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы**

РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

# Туған жердегі кездесулер

**Жезтаңдай жерлес әншіміз, қазақ қыздарынан тұңғыш рет Халық қаһарманы атанған, КСРО, Қазақстан және Қырғызстанның Халық артисі Роза Бағланова туған жеріне келгенде қасында болып кездесу бақыты бұйырған азаматтар арамызда бар. Сондай азаматтардың бірі – кезінде басшылық қызметтерде болған Болатбек Пұсырманов.**

Қазалыда көрші болғандықтан, Бөкеңді жақсы танимын. Аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының директоры, Арал ауданының атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары мен аудан әкімінің орынбасары, 1997-2004 жылдары Қазалы ауданының әкімі болды. ЮНЕСКО көлемінде 100 жылдығы аталып өтіп жатқан Роза Бағланова туралы көп дерек білетін адам. Жақында «Айдарлы» ауылындағы қайын жұртыма барғанда, Қызылорда қаласында тұратын Бөкеңе жолығудың реті келді. Әңгіме барысында көптеген тың дерек айтып берді.

– Жерлес болғасын Роза апамыздың есімін бала кезімізден білемін. Ол кезде апай жас болғандықтан, туған жерге концерттік сапармен жиі келетін. Сонда алғаш рет көрдім. 1989-1997 жылдары Арал ауданы әкімінің орынбасары кезімде 1992 жылы 70 жылдығына байланысты концерттік сапармен келгенде дастарқандас болдым. Қазалы ауданының әкімі қызметінде жүргенде Роза апаммен апалы-інідей қарым-қатынаста болдық.

Апамыздың туған күні 1 қаңтар екенің білесің. Мерейтойына байланысты, сол кездегі Президент Н.Назарбаев қабылдап, қандай өтінішің бар деп сұраған. Ол «Ақпатшам-ау (президентті солай атайтын), атақтың барлығы бар, рахмет! Жалғыз өтінішім, жас болса келіп қалды, ата-бабамның басына ескерткіш орнатып кетсем бе деген ойым бар еді, соған көмектессеңіз» деген. Сол шақтағы облыс әкімі Серікбай Нұрғисаевқа ауызша тапсырма беріледі. Өз кезегінде ол тапсырма аудан әкімі болғасын маған жүктелді. Роза апамызды күтіп алдық. Қазақтың кәдесі бойынша үйге шақырып, сыбағалы қонақасын бердік. Дастархан басында келген бұйымтайы туралы сөз қозғады:

– Мен Асандардың ішінде «бөлек Асан» деп аталып кеткен рудың қызымын. Әкем – Тәжібай. Оның әкесі Шаққөз кезінде Жанқожа батыр көтерілісіне қатысып, қол бастаған. Атамның шын есімі болуы мүмкін, бірақ өткір көзіне қарап «Шаққөз» деп атап кеткен. Мені кішкентай кезімде көзіме қарап, атамның көзін көргендер: «атасына ұқсап шаққөз екен» дегенді талай рет естіген болатынмын. Мектепке дейін біз Аралға барар теміржол бойындағы № 95 разъезде тұрдық. Бес жаста болсам да, есімде қалыпты, атам жерленген биік төбе маңында ойнайтынбыз. Енді сол бейітін тауып, ескерткіш-белгі орнатсам ба деген мақсатпен туған жеріме келіп отырған жайым бар, – деп сөзін аяқтады.

Дастархан басында сол кездегі Әйтеке би кентінің әкімі Оразғали Бекпанов және басқа да шақырылған қонақтар қолдан келген көмектерін беретіндерін айтты. Ас-су ішіліп, қонақтар қайтып кеткен соң:

– Ал, Болатжан, мені енді қонақүйге апарып орналастыр, – дегенде, зайыбым Индира екеуміз қосарлана:

– Тәте, ол не дегеніңіз? Біздің үйді өзіңіздің үйіңіздей көріп, қанша уақыт болса да тұра беріңіз, – дедік.

– Болатжан-ау, мен мазасыз адаммын ғой. Түнде тұрып, ерсілі-қарсылы жүретін әдетім бар, тағамды да талғап тапсырыс беріп ішемін дегенде «тәте-тәтелеп» әрең көндірдік.

Келесі күні ол кісіні ортаға алып, Оразғали ағамыз және құрылыс мекемелері басшыларымен 95-разъезді бағыт алып жолға шықтық. Межелі жерге жеткенде Шаққөз атасының бейітін табу оңай болмады. Әр төбені қарап жүрміз, бәрі жермен-жексен болған. Бір кездері Розаның дауысы қатты шығып кетті:

– Міне, мына жер, көрдіңдер ме? Қолымды еріксіз тартып бара жатыр, – деп жылап жіберді.

Байқап қарасақ, қам кесекпен салынған төрт құлақ бейіттің орнына ұқсас жер опырылып кетіпті. Құм басқан, ойыстау жерді белгілеп кеттік.

Әйтеке би кентіне келгесін менің кабинетімде Оразғали ағамыз бастаған мекеме басшыларымен бірге ескерткіштің жобасы қандай болуы керектігін ақылдасып, мамандар жоба-эскизін сызды. Бейіт орны ұлттық оюлармен әшекейленген темір қоршаумен қоршалуы керек. Батырдың бес қаруы – қалқан, қылыш, қанжар, найза, шоқпар жасалынып, қоршаудың ішіне орналастырылып, алдына аты-жөні жазылған тақтаны қоятын болып бір шешімге келдік. Біздің жасаған эскизіміз Р.Бағлановаға да ұнағасын, тиісті мекемелер жұмысқа келесі күні-ақ кірісіп кетті.

Роза апамен үйде күнде таңғы және түскі асты бірге ішіп қызметіме кетемін. Зайыбым апамыздың ас мәзірін дайындауға машықтанып алды. Кей асты мүлде татып алмайды. Мысалы, манты етіне бұрыш қосылғандықтан, әншінің дауысына әсер етеді екен.

Кешкі дастархан басында әңгіме-дүкен құрғаным ұмытылмастай есте қалды. Әлемге әйгілі әншімен жақын отырып байқағаным, сөзі салиқалы, көзі өткір және көріпкелдігі, тіпті бойында биоөрісі бар екенін білдім. Бір күні жұмыстан қан қысымым көтеріліп келіп, көңілсіз отырғанымды байқап:

– Болатжан, қабағың қатулы ғой, бірдеңе болды ма? – деп сұрағанда, себебін айттым.

– Мында келіп мына жерге отыр, қазір басыңды уқалап, ауруыңды сап қыламын, – дегенде шошып кеттім.

– Тәте, ұят болады, үйге біреу келіп қалып көрсе, аудан әкімі Пұсырманов Бағлановаға басын уқалатып отыр деген әңгімеге қалармыз, – деп, көнбеп едім, болмады.

Қолының биоөрісін сол кезде бірден сездім, қан қысымым түсіп, лезде тәуір болдым.

Ескерткіш-белгіні дайындап, бейіттің басына орнатып, разъезге барып көзімен көрген соң, «атама арнап 100 адамға осы жерде ас берем» деді. Біз «палатка құрамыз ба, киіз үй қолайлы ма?» деп сұрағанда «жоқ, осы төбенің басына, дастарханды жерге жайып жасаймын, тек қазан ошақ пен ыдыс-аяқ жеткізіп берсендер болды» деді. Асқа аудан активі, ескерткішті жасаған азаматтар мен ардагерлер қатысты.

2002 жылдың күзінде 80 жылдығына байланысты Қазалыға келіп, екі концертін қойды, – деп әңгімесін аяқтады ағамыз.

Әңгімелесіп болғасын сол кездесулердің естелігі – екі фотосын түсіріп алдым.

**Бақытжан АБДУЛ-ТҮМЕНБАЕВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

---

ЖОБА

**Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 570 «Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормаларын, сондай-ақ тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 570 «Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормаларын, сондай-ақ тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдерін бекіту туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28463 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормалары мынадай мазмұндағы 297-1, 297-2 реттік сандары бар жолдармен толықтырылсын;

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| « 297-1 | PLANT START 8-31-4-export | N барлығы - 8%, оның ішінде аммонийлы - 8%, P2O5 - 31%, K2O - 4%, балдырлар сығындысы - 4%, альгин қышқылы- - 0,033%, маннитол - 0,12% | литр | 2 280,0 |
| 297-2 | SEMELE | P2O5 - 32%, K2O - 23% | литр | 1 920,0 »; |

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Н. Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «___» _____ № ___ қаулысына
қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «13» маусымдағы №570 қаулысына
2-қосымша

Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдері

| № | Облыс атауы | Субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемі, теңге |
|---|---|---|
| 1 | Қызылорда облысы | 2 235 451 000,0 |
| | Барлығы | 2 235 451 000,0 |

---

ЖОБА

**Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 558 «Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 558 «Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28110 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. . Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

**Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «___» _____ № ___ қаулысына
қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «17» мамырдағы № 558 қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 бірлікке арналған субсидиялар норматив тері, теңге | Субсидия көлемі | Субсидия сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы: | | | | | |
| 1 | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | |
| 1.1 | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы | бас/ шағылыс-тыру маусымы | 10 000 | 43 507 | 435 070 |
| 1.2 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | | 15 000 | 5 097 | 76 455 |
| 2 | Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу | сатып алынған бас | 150 000 | 805 | 120 750 |
| 3 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | |
| 3.1 | Отандық | сатып алынған бас | 150 000 | 769 | 115 350 |
| 3.2 | Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Краина елдерінен импортталған | | 225 000 | 50 | 11 250 |
| 4 | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату | тірідей салмағы, килограмм | 200 | 993 900 | 198 780 |
| | барлығы | | | | 957 655 |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы: | | | | | |
| 5 | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу: | | | | |
| 5.1 | Бір жынысты | сатып алынған доза | 10 000 | 2 372 | 23 720 |
| 6 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | |
| 6.1 | Отандық | сатып алынған бас | 200 000 | 234 | 46 800 |
| | барлығы | | | | 70 520 |
| 7 | Сүт өндіру құнын арзандату: | | | | |
| 7.1 | Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық | өткізілген немесе өңделген килограмм | 45 | 6 930 711 | 311 881,995 |
| 8 | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік орталықтарды субсидиялау | ағымдағы жылы ұрықтан-дырылған бас | 5 000 | 2745 | 13 725 |
| | барлығы | | | | 325 606,995 |
| Қой шаруашылығы: | | | | | |
| 9 | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | |
| 9.1 | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы | бас/ шағылыс-тыру маусымы | 4 000 | 115 981 | 463 924 |
| 9.2 | Қойлардың тауарлық аналық басы | | 2 500 | 55 516 | 138 790 |
| 10 | Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу | сатып алынғанбас | 15 000 | 32 524 | 487 860 |
| 11 | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандату | өткізілген бас | 3 000 | 9 000 | 27 000 |
| | барлығы | | | | 1 117 574 |
| Жергілікті бюджет қаражаты есебінен: | | | | | |
| 12 | Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату: | | | | |
| 12.1 | Сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы | бас | 480 000 | 1041 | 499 680 |
| 13 | Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | килограмм | 60 | 73 900 | 4 434 |
| 14 | Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | килограмм | 55 | 164 091 | 9 025,005 |
| | барлығы | | | | 513 139,005 |
| 2021 жылғы күту парағына түскен өтінімдер: | | | | | |
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы: | | | | | |
| 15 | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | |
| 15.1 | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы | бас/шағылыс-тыру маусымы | 10 000 | 5 594 | 55 940 |
| 15.2 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | | 15 000 | 1 074 | 16 110 |
| 16 | Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу | сатып алынған бас | 150 000 | 745 | 111 750 |
| 17 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | |
| 17.1 | Отандық | сатып алынған бас | 150 000 | 544 | 81 600 |
| 17.2 | Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Украина елдерінен импортталған | | 225 000 | 100 | 22 500 |
| 18 | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату | тірідей салмағы, килограмм | 200 | 387 630 | 77 526 |
| 19 | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік орталықтарды субсидиялау | ағымдағы жылы ұрықтан-дырылған бас | 5 000 | 256 | 1 280 |
| | барлығы | | | | 366 706 |
| Қой шаруашылығы: | | | | | |
| 20 | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | |
| 20.1 | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы | бас/ шағылыстыру маусымы | 4 000 | 14 720 | 58 880 |
| 21 | Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу | сатып алынған бас | 15 000 | 30 803 | 462 045 |
| 22 | Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау | ұрықтанды рылған бас/ шағылыстыру маусымы | 1 500 | 420 | 630 |
| | барлығы | | | | 521 555 |
| 23 | Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | балара ұясы/ маусым | 5 000 | 50 | 250 |
| 24 | Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату: | | | | |
| 24.1 | Етті және етті-сүтті бағыттағы тауарлық ірі қара малдың аналық басы | бас | 15 000 | 1 696 | 25 440 |
| 24.2 | Қойдың аналық басы | | 2 500 | 1 842 | 4 605 |
| 24.3 | Жылқының аналық басы | | 10 000 | 2 143 | 21 430 |
| 24.4 | Түйелердің аналық басы | | 10 000 | 160 | 1 600 |
| | барлығы | | | | 53 325 |
| | Жиыны | | | | 3 926 081 |

Ескертпе:

Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қошқарларды тауарлық табынға/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтінім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарды қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.

ӘЛІБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ – 115

**Жарты ғасырдан астам уақыт тарих тасасында қалып келген Әлібек Қоңыратбаев – көркем әдебиетке жиырмасыншы жылдардың соңы мен отызыншы жылдардың бас кезінде келіп, әдебиет тарихы, әдеби сын, очерк, әңгіме, көркем аударма салаларында жемісті еңбек еткен қаламгер. Өзінің қысқа ғұмырына қарамастан ол қазақ әдебиетінде айтарлықтай із қалдырған қаламгер, сындарлы сыншы.**

# Жарқ еткен ғұмыр

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Әлібек Қоңыратбаев туралы Қазақ КСР энциклопедиясында былай делінген: «Қоңыратбаев Әлібек Қоңыратбайұлы – кеңес жазушысы, аудармашы, сыншы. 1915 жылы туған ауылында оқыды. 1926-1930 жылдары Ташкенттегі Қазақ Халық ағарту институтын бітірді. Еңбек жолын мектепте мұғалім болып бастаған ол «Жаңа әдебиет» журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Одан кейін Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, кейін Қазақстан мемлекет баспасында оқу құралдары бөлімінің меңгерушісі болған».

Әлібек Қоңыратбаевтың азды-көпті қаламгерлік еңбегі өз замандастарының назарынан тыс қалмапты. Ол 1934 жылы КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне кандидат, ұзамай толық мүшесі болады. Қазақстан жазушыларының бірінші съезіне делегат болып сайланып, Горький қол қойған жазушылық билетін алу құрметіне ие болған аз ғана қазақ қаламгерлерінің қатарына ілігеді.

Еліміздің ұлттық энциклопедиясына Қоңыратбаевтар әулетінен төрт бірдей есім енген екен. Солардың кішісі профессор Тыныс-бек Қоңыратбай – бүгінде танымал ғалым. Ол өзінің әкесі Әуелбек Қоңыратбаев туралы естелік жазбасында былай деген: «І.Жансүгіров басқарған Жазушылар ұйымында жауапты хатшы болған жазушы, аудармашы, тетелес інің Әлібек Қоңыратбаев Міржақып Дулатовтың қызына үйленіп, «неміс-жапон шпионы» ретінде атылып кете барған. Қазан төңкерісіне дейін көптеген мақала, өлеңдерімен танылған, беріде ТүркЦИК (1924), КазЦИК (1925) мүшесі, халық соты болған ағаң Қалжан Қоңыратбаев та Алашордашыл ретінде ұсталып, мерт болған.

Осының бәрін бізден жасырып, құпия ұстап келгеніңді кейін білдік. Шамасы, саяси қудалауды көп көргендіктен, «зияны ұрпағыма тимесін» деген болуың керек. 30-жылдарғы мерзімді баспасөз беттерін ақтарып, ағайынды үшеуіңе қатысты толып жатқан материалдарға тап болдым. Әсіресе, «Ленинші жас» газетінің 1937 жылғы 29 шілдедегі санында басылған «Тәжібаев және оның достары» деген көлемді материал көп нәрсенің бетін ашып берді. Әдебиет әлеміне бойлай бастаған Әлібек Қоңыратбаев, Абат Әлібаев, Рахым Уәлиахметов сияқты отызға енді келген жас қаламгерлердің нақақтан атылып кеткенін де осы деректерден байқауға болады. Әлібек болмаса, Жазушылар одағының мүшесі болған қалған екеуі туралы әлі күнге ешкім ауыз ашқан емес».

Әдебиет майданында Әлібек көбіне сыншы, аудармашы, оқулық авторлары ретінде көрінген. «Горький қазақ әдебиетінде», «Қаскелең» поэмасы туралы» секілді сыни мақалалары сол тұстағы әдеби сынның талаптары тұрғысынан жазылған. Қаламгер прозалық туындылар да жазған. Бұған қоса, М.Жолдыбаев, М.Әуезов, А.Әлібаевтармен бірігіп алғашқы әдебиет оқулықтарын әзірлеген. Әлібек туралы алғашқы деректерді академик Қажым Жұмалиевтің «Жайсаң жандар» атты естелік кітабының С.Сейфуллинге арналған тарауынан кездестіреміз. Онда ғалым Әлібектің көңілді, ақжелең жігіт болғанын, Сәкенді бұрыннан білетінін баяндаған. Оның жастық шағындағы тұлғалық-шығармашылық келбеті поэзия және проза тілімен де сомдалған.

Әлібек Қоңыратбаев республикамыздың әдеби өміріне ерте араласқан. 1920 жылдары мерзімді баспасөз беттерінде жазушының әдеби-публицистикалық мақалалары мен эссе-әңгімелері жарық көре бастаған. 1931-1933 жылдары қаламгер Қазақстан Жазушылар одағының жауапты хатшысы қызметін атқарып, жазушылар съезін өткізген. Сол тұста жарық көрген «Қазақстан жазушылары» атты анықтамалыққа енгендер қатарында Әлібек Қоңыратбаевтың да есімі бар.

Оның балалық шағы Шиелі жерінде өтіп, кейін республикаға танылған. Көркем аударма саласындағы еңбектері де елеулі. Ол Тургеневтің «Отцы и дети», Мольердің «Скупой», Чеховтың «Ванька», «Хамелеон» сияқты әңгімелерін қазақ тіліне тәржімалаған. Сонымен қатар А.Стахановтың «Менің жұмыс әдісім», М.Дьюкановтың «Мен жұмысты қалай істеймін?» сияқты тәжірибелік жазбаларын да аударып бастырған. М.Горькийдің КСРО жазушыларының І съезінде сөйлеген сөзін аударғандардың бірі де осы – Әлібек Қоңыратбаев.

Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешіп, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне бір кісідей еңбек еткен қаламгер мұрасы көзіқарақты оқырмандар болмаса бүгінгі жас ұрпаққа беймәлім. Дүниеден қыршын кеткен КСРО Жазушылар Одағының мүшесі, әдебиет сыншысы әрі аудармашы Ә.Қоңыратбаевтың есімі ешқашан ұмтылмайды.

**Р.АРЫСТАНБАЙ**

# Ұстаздың орны – төрде

**Мәртебелі мамандық иелері – ұстаздар қауымына қала әкімдігі құрмет көрсетті. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өткен салтанатты жиында қала әкімінің орынбасары Ақзира Қасымова шәкірт тәрбиелеудегі адал әрі жемісті еңбегімен ел алғысына бөленген ұстаздарға қала әкімінің құттықтауын жеткізіп, марапаттар табыс етті. Жиында 80, 85, 90 жасқа келген ардагер ұстаздарға айрықша құрмет көрсетілді.**

Sb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Мереке аясында білім саласы бойынша қала ұстаздарының бүгінгі жетістіктері сараланып, бұл мемлекет тарапынан жасалып отырған қолдаулар нәтижесі екені айтылды. Мәселен, осы жылды қосқанда ұстаздар жалақысы 100 пайызға көбейеді.

– Ұлағатты ұстаздарымыз шәкірттеріне кенен ғылым мен кемел білімнің дәнін себуде. Қажырлы еңбектеріңіздің жемісі – оқушыларымыз республикалық, облыстық деңгейдегі сайыстардан жүлделі орындардан көрініп, түрлі байқау-жоба жарыстарынан жоғары көрсеткішке жетіп отыр. Сонымен қатар, мектеп ұжымдары әрдайым қоғамдық іс-шараларға да аянбай атсалысып, барлық салада белсенділік танытуда.

Білім жүйесінің жаны да, жүрегі де, тірегі де – ұстаз. Сондықтан еліміздің келешегі сіздердің қолдарыңызда! Тәуелсіз мемлекетіміздің әлеуетін арттырып, атын әлемге танытатын білімді де, талантты шәкірттеріңіз көбейе берсін, – деді Ақзира Бақтыбайқызы.

Мерекелік кеште ұстаздардың бірқатары ҚР Оқуағарту министрлігінің Құрмет грамотасы және облыс әкімінің Алғыс хатын иеленді.

Педагогтардың қоғамдағы мәртебесін және беделін арттыру, үздік мұғалімдердің озық педагогикалық іс-тәжірибесін тарату мақсатында 2012 жылдан бастап республикалық «Үздік педагог» конкурсы өткізіліп келеді. Осы орайда «Үздік педагог» атанған 10 ұстазға қала әкімінің 150 мың теңге ақшалай сыйақысы табысталса, қалалық «Үздік педагог» байқауының І кезеңі бойынша жеңімпаздарға ноутбук берілді.

Салтанатты шара соңы Оқушылар сарайының қызметкерлері мен жас өнерпаздары ұсынған концерттік бағдарламасына ұласты.

# Ерлік пен елдікті ту еткен

**Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қазақстанның халық жазушысы, ақын Сырбай Мәуленов пен екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Талғат Бигелдиновтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Ерлік пен елдікті ту еткендер» атты жиын өтті. Іс-шараның мақсаты – жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеп, ел үшін еңбек еткен ерлердің ерлігін насихаттау.**

Sb Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Іс-шараға Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымының өнерпаздары, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, қобызшы Раушан Оразбаева мен халықаралық байқаулардың жеңімпазы, әнші Біржан Айтахметов арнайы келді. Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-оқытушылары және колледж студенттері қатысты.

Жиында қазақ лирикасының классигі Сырбай Мәуленовтің сыршыл өлеңдері мен соғыс тақырыбындағы толғаулары, табиғат бояуларын өзек еткен жырларының ерекшілігі мен мәні туралы және қаһарман ерліктердің ерекше үлгісін көрсеткен, аты аңызға айналған батыр Талғат Бигелдинов туралы сөз қозғалды.

– Сырбай – майданда қарумен де, қаламмен де күресіп, батырлықтың үлгісін көрсеткен азамат. Өзі өмір сүрген кезеңде кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірін жырға қосып, сыршыл лирикасын жазып кеткен. Сонымен қатар орыс ақындары Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдерін аударған. Ол кісінің өлеңдері оқырмандарын өзіндік ерекшелігімен баурайды, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Қали Омаров.

Сырбай Мәуленов әлем классиктері шығармаларын қазақ тіліне аударған. Соңына 40-қа жуық кітап қалдырған. Оның мұрасы ұрпақ жадынан ешқашан өшпейді.

Аты аңызға айналған ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанған Талғат Бигелдинов қайсар мінезімен жау әскеріне қарсы тұрған. Соғыс жылдары әскери тапсырмамен 305 рет әуеге көтерілген.

– Талғат Бигелдинов «Ил-2» шабуылдаушы ұшағында жеті ұшақты атып түсіріп, жаудың ондаған танксін, зеңбіректерін және басқа да техникаларының көзін жойды. Ерлігі мен ұшу шеберлігі үшін аға лейтенант екі рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Көзі тірісінде ол жастармен жиі кездесетін. Әр кездесуде жастарға достыққа берік болуды, ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрін сақтау қажет екенін айтатын, – деді филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов.

Жиын соңында қазақтың біртуар азаматтары жайлы бейнеролик көрсетілді. Сондай-ақ, Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымының өнерпаздары оқырмандарға арнау жыр айтып, естелік суретке түсті.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96 бап талаптарына сәйкес, «БАЙКЕН-U» ЖШС 2022 жылдың 9 қараша күні сағат 11.30-да Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылы, Қалкөз Сіргебайұлы көшесі 5, Байкенже ауылдық округі әкімі аппаратының «Байкенже ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратында келесі жобалар бойынша: Рұқсат етілген шығарындылар стандарттарының жобалары, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Экологиялық өнірістік бақылау бағдарламасы, Солтүстік Харасан кен орны Харасан-2 учаскесі объектілерінің экологиялық іс-шаралар жоспары бойынша Экологиялық қорытынды мен эмиссияларға рұқсат алу үшін ашық мәжіліс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Әсер ету аймағы – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Солтүстік Харасан кен орны, «Харасан-2» учаскесі.

Жобалық құжаттама пакетімен ecoportal.kz Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» жергілікті атқарушы органының сайтында танысуға болады: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/documents/1?lang=ru

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және жергілікті атқарушы органның веб-сайтында беріледі https://sfb.kazatomprom.kz/kazatomprom.kz/Meet/b.atygaev/1T147HM8

Конференция идентификаторы: 1555716

Zoom конференциясына қосылу үшін

https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=97LiPRtHE17HxL3VxEITLH5qHfMZvZ.1

Конференция идентификаторы: 528 066 4063

Код: 1234

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей ecoportal.kz Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ info@baiken-u.kazatomprom.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады

Бастамашы туралы мәліметтер мен байланыс деректері: «Байкен-U» ЖШС, 120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылы, Қалкөз Сіргебайұлы көшесі 5, тел.: +7 (7242)551140, info@baiken-u.kazatomprom.kz

Жобаны әзірлеушінің мәліметтері мен байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ-сы, Бөгенбай батыр көшесі 168. Тел.: +7 (702) 6127738. Қосымша ақпаратты келесі деректер бойынша алуға болады: +7(7242) 55 11 40 (ішкі 34245), info@baiken-u.kazatomprom.kz

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Транс Азия Констракшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2022 жылдың 21 қазан күні серіктестік мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтетінін хабарлайды.

Жиналыс жергілікті уақыт 15.00-де Қызылорда қаласы, Е.Көшербаев көшесі, 94 үйде өтеді.

Күн тәртібінде:

1. «Береке Банк» АҚ-да несиелік желілерді қайта қаржыландыру туралы.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 24665 | Тапсырыс №1665 | Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА